

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі N 843 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2008 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 124769491 (бір жүз жиырма төрт миллион жеті жүз алпыс тоғыз мың төрт жүз тоқсан бір) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2008 жылғы 11 қыркүйектегі
 N 843 қаулысына

ҚОСЫМША

Орындауға жататын сот шешімдерінің тізбесі

Р/с N	Сот органының атауы мен шешімнің шығарылған күні	Талапкер	Мемлекеттің кірісіне түсетін мемлекеттік бажды шегере отырып, сомасы (теңге)	Мемлекеттің кірісіне мемлекеттік баж (теңге)
1	2	3	4	5
1	Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2006 жылғы 07.09. сырттай шешімі, Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 12.03. ұйғарымы	"Астана-Промэнергоресурс" ЖШС	45110304	
2	Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2005 жылғы 23.11. шешімі, Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 04.01. ұйғарымы	"Базис-Жолқұрылыс" ЖШС	46500000	
3				

	Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2006 жылғы 05.06. шешімі, Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 22.01. ұйғарымы	"Қазақстан Х а л ы қ Банкі" АҚ	1188820	
4	Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық N 2 сотының 2003 жылғы 28.11. шешімі, Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық N 2 сотының 2004 жылғы 28.06. ұйғарымы, Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық N 2 сотының 2004 жылғы 27.12. ұйғарымы, Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық N 2 сотының 2006 жылғы 12.12. ұйғарымы	"Қарағанды облысының Жылжымайтын мүлік орталығы" РМК	18400	
5	Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2003 жылғы 05.05. шешімі, Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 26.11. ұйғарымы	"Қазақтелеком" АҚ	26050541	
6	Жамбыл облысы Тараз қаласы N 2 сотының 2005 жылғы 13.06. шешімі, Жамбыл облысы Тараз қаласы N 2 сотының 2006 жылғы 15.05. ұйғарымы	"Лаф" ЖШС	2366940	
7	Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2006 жылғы 20.03. шешімі, Астана қалалық сотының Азаматтық істер жөніндегі алқасының 2006 жылғы 11.05. қаулысы	"Бауыр" ШҚ	500000	
8	Астана қаласы сотының 2005 жылғы 04.04. қаулысы	"Психология және психиатрия институты" ЖШС	150000	
9	Батыс Қазақстан облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2006 жылғы 27.09. шешімі, Батыс Қазақстан облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2006 жылғы 27.09. ұйғарымы	Уральсккомплект-кабель" ЖШС	2884486	
Жалпы сомасы:			124769491	